

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz
20__ж. _____ № _____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Ауыл» партиясының
фракция мүшелеріне
(тізім бойынша)**

*2025 жылғы 19 ақпандағы
№ ДЗ-85 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікті қайта қарауға қатысты сауалыңызға жауап жолдайды.

*Қосымша: жауап мемлекеттік және орыс тілдерінде 4 парақта,
Денсаулық сақтау министрлігінің жауабы 8 парақта.*

Құрметпен,

Министр

Е. Саденов

*Орынд.: Б. Хакимов
Тел.: 71-51-46
b.khakimov@mvd.gov.kz*

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 608-бабы бойынша
әкімшілік жауапкершілікті қайта қарауға қатысты
ақпарат**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттің ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес көлік құралы жоғары қауіптің көзі болып табылады.

Автокөлікті мас күйінде басқару жүргізушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, жол жүрісінің басқа заңға бағынатын қатысушыларына да қауіп төндіреді.

2019 жылы полиция қызметкерлері көлік құралын мас күйінде басқарудың 28 801 фактісін анықтады. Автокөлікті мас күйінде басқарған адамдардың кінәсінен 472 жол-көлік оқиғасына жол беріліп, 98 адам қаза тауып, 716 адам жарақат алды.

Мас жүргізушілердің қатысуымен болған атышулы оқиғалар кең қоғамдық резонанс және жазаны қатаңдату қажеттілігіне сұраныс тудырды.

Мәселен 2019 жылғы қазанда Алматы қаласында мас жүргізуші бірден үш көлікпен соқтығысып, нәтижесінде екі адам қайтыс болып, алты адам жарақат алды.

Осы жылы Қарағандыда жүргізуші мас күйінде бес көлікті қағып кетті. Зардап шеккен 29 жастағы қыз екі аптадан кейін ауруханада қайтыс болды.

2020 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұзушылықтың осы түрі үшін жауапкершілік осындай қайталанған бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілгенге дейін күшейтілді.

2019 жылдан бастап 2024 жыл аралығында еліміздегі халық саны 2 млн азаматқа көбейді (18,4-тен 20,3 млн адамға дейін), автопарктің өсімі 33% құрады (4,2-ден 5,6 млн бірлікке дейін), бұл ретте жолы кесілген жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі - ЖЖҚ) бұзушылықтар 33% өсті (2,9-дан 3,8 млн хаттамаға дейін).

Бұл ретте қабылданған шаралар нәтижесінде мас күйінде автокөлікті басқару фактілерінің саны 14% (28 801-ден 24 786 фактіге дейін), ЖЖҚ бұзушылықтардың жалпы санында «мас күйінде жүргізудің» үлес салмағы – 1,5 есе (1,01-ден 0,65% дейін), ал мұндай құқығынан айырылған адамдардың мас күйінде автокөлікті қайта басқаруы - 2 есе (2510-нан 1276 фактіге дейін) азайды.

Осылайша осы құқық бұзушылық бойынша белгіленген заңнамалық шаралар тежеуші сипатқа ие және тиісті дәрежеде профилактикалық әсер етеді.

Шет елдердің тәжірибесін талдау алкогольді тұтынудан бас тартудың қалыптасқан мәдени ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанмен салыстырғанда жұмсақ әрі қатаң жауапкершіліктің болуын көрсетеді.

Мәселен Жапонияда мас жүргізушіге айтарлықтай айыппұл салынып, түрмеге жабылады. Бұл ретте онымен сапарға келіскен жолаушыларға да айыппұл салынады.

Малайзияда отбасылық жауапкершілік қарастырылған, онда мас жүргізушілермен бірге олардың жұбайлары да қамауға алынуы мүмкін.

АҚШ-та Иллинойс штатында өмір бойы жүргізуші куәлігінен айыру, түрмеге қамау және айыппұл қарастырылған.

Беларуссияда алкогольді қайта тұтынған кезде жүргізушінің көлігі алынып, мемлекет кірісіне сатылады. Бұл ретте оның көлік иесі екендігі маңызды емес.

Қытайда бес жылға дейін жүргізуші куәлігінен айырылады. Алайда, егер мас күйінде жүру апатқа әкеліп соқтырса, жүргізуші өлім жазасына кесіледі.

Осылайша мас күйінде автокөлікті басқару үшін қолданыстағы жауапкершілік шаралары жол берілген бұзушылыққа мөлшерлес болып табылады және заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыруға және Заң мен Тәртіп қағидатын сақтауға ықпал етеді деп санаймыз.

2023 жылғы 27 қазанда Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының №34-НП нормативтік қаулысымен ӘҚБТК-нің 608-бабының бірінші бөлігі тиісті Конституцияға сәйкес және азаматтардың қандай да бір құқықтарын бұзбайды деп танылды.

Осыған байланысты ПМ қолданыстағы санкцияларды сақтау мақсатқа сай деп ұйғарады.

Өз кезегінде ПМ басқа мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, жол жүрісі қауіпсіздігін ескерту және профилактикасы бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

Азаматтардың мас күйде жүргізу қаупін түсінуін арттыру бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды.

Медициналық куәландырудан өту тәртібіне қатысты.

Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша ол Психикалық белсенді затты пайдалану фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыру жүргізу қағидаларымен реттелген (*ДСМ -нің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ -203/2020 бұйрығымен бекітілген*).

Мәселен азаматтардың медициналық ұйымды таңдау құқығымен қайта медициналық куәландыруға (*бастапқы куәландырудан кейін 2 сағат ішінде*) құқығы бар.

Медицина қызметкері түпкілікті шешімді тек мас болудың клиникалық көрінісі, ағзаның жеке ерекшеліктері, эмоционалды және физикалық жағдайы және т.б. жиынтығы бойынша шығарады.

ПМ жүргізушілерді қауіпсіз жүргізуге қосымша ынталандыру мақсатында одан әрі алдын алу шараларын талқылауға дайын екенін білдіреді.



010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz
20__ж. _____ № _____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии «Ауыл»**

*На депутатский запрос № ДЗ-85
от 19 февраля 2025 года*

Уважаемые депутаты!

Министерством внутренних дел направляется ответ на запрос касательно пересмотра административной ответственности по статье 608 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

*Приложение: ответ на государственном и русском языках
на 4 листах, ответ Министерства здравоохранения на 8 листах.*

С уважением,

Министр

Е. Саденов

*Исп.: Хакимов Б.
Тел.: 71-51-46
b.khakimov@mvd.gov.kz*

Информация
касательно пересмотра административной ответственности
по статье 608 Кодекса Республики Казахстан об административных
правонарушениях (далее - КоАП)

Согласно Конституции Республики Казахстан высшими ценностями государства являются человек, его жизнь, права и свободы.

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан транспортное средство является источником повышенной опасности.

Управление автотранспортом в состоянии опьянения угрожает не только жизни и здоровью самого водителя, но и создает опасность для других законопослушных участников дорожного движения.

В 2019 году сотрудниками полиции выявлен 28 801 факт управления транспортным средством в состоянии опьянения. По вине лиц, управлявших автотранспортом в нетрезвом состоянии, допущено 472 дорожно-транспортных происшествия, в которых погибли 98 и травмированы 716 человек.

Громкие происшествия с участием нетрезвых водителей вызвали широкий общественный резонанс и запрос на необходимость ужесточения наказания.

Так, в октябре 2019 года в городе Алматы пьяный водитель совершил столкновение сразу с тремя автомобилями, в результате чего двое человек скончались и шестеро получили ранения.

В этом же году в Караганде водитель в состоянии опьянения протаранил пять автомобилей. Пострадавшая 29-летняя девушка через две недели скончалась в больнице.

В 2020 году по поручению Главы государства ответственность за данный вид нарушения была усилена, вплоть до введения уголовной ответственности за повторные подобные нарушения.

Необходимо отметить, что с 2019 по 2024 год численность населения в стране увеличилась практически на 2 млн. граждан (с 18,4 до 20,3 млн. чел.), прирост автопарка составил 33% (с 4,2 до 5,6 млн. ед.), при этом пресечённых нарушений правил дорожного движения (далее - ПДД) возросло на 33% (с 2,9 до 3,8 млн. протоколов).

При этом, в результате принятых мер количество фактов управления автотранспортом в состоянии опьянения снизилось на 14% (с 28 801 до 24 786 фактов), удельный вес «пьяного вождения» в общем числе нарушений ПДД - в 1,5 раза (с 1,01 до 0,65%), а повторное управление автотранспортом в состоянии опьянения лицами, лишёнными такого права - в 2 раза (с 2 510 до 1 276 фактов).

Таким образом, установленные законодательные меры по данному правонарушению носят сдерживающий характер и в должной мере оказывают профилактический эффект.

Анализ опыта зарубежных стран показывает наличие как мягкой, так и более жесткой ответственности по сравнению с Казахстаном в зависимости от сложившихся культурных особенностей неприятия употребления алкоголя.

Так, в Японии пьяному водителю грозит весомый штраф и тюремное заключение. При этом накладывают штраф и на пассажиров, согласившихся на поездку с ним.

В Малайзии предусмотрена семейная ответственность, где вместе с нетрезвыми водителями могут арестовать и их супругов.

В США, в штате Иллинойс, предусмотрено пожизненное лишение водительских прав, тюремное заключение и штраф.

В Беларуси при повторном употреблении алкоголя за рулем изымают автомобиль водителя и продают его в доход государства. При этом не важно является ли он автовладельцем.

В Китае лишают водительских прав до пяти лет. Однако если езда в пьяном виде привела к ДТП со смертельным исходом, водителя приговаривают к смертной казни.

Таким образом, считаем, что действующие меры ответственности за управление автотранспортом в состоянии опьянения являются соразмерными допущенному нарушению и способствуют формированию законопослушного поведения и соблюдению принципа Закон и Порядок.

Следует отметить, что 27 октября 2023 года нормативным постановлением Конституционного суда Республики Казахстан №34-НП часть первая статьи 608 КоАП признана соответствующей Конституции и не нарушающей какие-либо права граждан.

В этой связи МВД полагает целесообразным сохранить действующие санкции.

В свою очередь, МВД совместно с другими государственными органами, неправительственными организациями и общественными объединениями на постоянной основе проводит работу по предупреждению и профилактике безопасности дорожного движения.

Организована информационно-разъяснительная работа с населением по повышению у граждан осознания рисков пьяного вождения.

Что касается порядка прохождения медицинского освидетельствования.

По информации Министерства здравоохранения он урегулирован Правилами проведения медицинского освидетельствования для установления употребления психоактивного вещества и состояния опьянения (*утверждены приказом МЗ от 25.11.2020 года № ҚР ДСМ -203/2020*).

Так, граждане имеют право на повторное медицинское освидетельствование (*в течении 2-х часов после первичного освидетельствования*) с правом выбора медицинской организации.

Окончательное решение медицинским работником выносится только по совокупности клинической картины опьянения, индивидуальных особенностей организма, эмоционального и физического состояния и т.д.

МВД выражает готовность к обсуждению дальнейших превентивных мер в целях дополнительной мотивации водителей к безопасному вождению.
